



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

«03» 02 2023 жылы №28  
Астана қаласы

**«А. Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу,  
талдау және насихаттау» республикалық  
педагогикалық оқуын ұйымдастыру  
және өткізу туралы**

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК (бұдан әрі – орталық) жоспарына сәйкес қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру, кәсіби өсуіне ықпал жасау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «А. Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, талдау және насихаттау» республикалық педагогикалық оқуы 2023 жылғы 1-25 наурыз аралығында қазақ тілі мен әдебиеті пәні педагогтері арасында өткізілсін.

2. «А. Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, талдау және насихаттау» республикалық педагогикалық оқудың (бұдан әрі – Педагогикалық оқу) ережесі 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Педагогикалық оқуды ұйымдастырушылар алқасы 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Педагогикалық оқудың комиссия мүшесі 3-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

5. Педагогикалық оқуды ұйымдастыру және өткізуді қаржыландыру шығыстарын сметаға сәйкес төленуін қамтамасыз етілсін (Д. Кожахметова).

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау орталық басшысының орынбасары А. Мухамеджановаға жүктелсін.

Басшы

С. Дауешова